

## Мемлекеттік органдарды құқықтық қамтамасыз етудің тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 4 ақпандағы № 85 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік органдарды құқықтық қамтамасыз етудің тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары Іс-шаралар жоспарын іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы тиісті ақпаратты Қазақстан Республикасының Үкіметіне 2013 жылғы 15 наурызға дейін берсін.

4. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Іс-шаралар жоспарының орындалуы бойынша жинақталған есепті Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне 2013 жылғы 15 сәуірге дейін енгізсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2013 жылғы 4 ақпандағы

№ 85 қаулысымен

бекітілген

## Мемлекеттік органдарды құқықтық қамтамасыз етудің тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

р/с №	Іс-шаралардың атауы	Аяқталу нысаны	Орындау мерзімдері	Орындаушы
1	Мемлекеттік бюджеттен қаражатты өндіру туралы сот шешімі шығарылған кезде мемлекеттік органдардың бірінші	ПМК-ге ұсыныстар	2013 жылғы ақпан	

	басшыларының жауапкершілігін белгілеу бойынша ұсыныстар енгізу			Әділетмині, БП (келісім бойынша), ОМО
2	Мемлекеттік органдардың заң қызметтері қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тағылымдамадан өту тәртібін бекіту	Әділетминінің бұйрығы	2013 жылғы ақпан	Әділетмині, МҚИА (келісім бойынша), ОМО
3	Әзірлеуші органдардың заң қызметтері қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен нормативтік құқықтық актілер жобаларын тиісті келісу сатыларында және олардың Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесінде, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігінде, Қазақстан Республикасы Парламентінде өту кезінде міндетті қатысуы туралы мәселені пысықтау	ПМК-ге ақпарат	2013 жылғы ақпан	ОМО
4	Мемлекеттік органдардың заң қызметтері қызметінің сапасын арттыру бойынша ұсыныстар енгізу	ПМК-ге ұсыныстар	2013 жылғы ақпан	Әділетмині, ОМО
5	Мемлекеттік органдардың заң қызметтерінің қызметкерлерінің лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын арттыру мәселесін пысықтау	ПМК-ге ақпарат	2013 жылғы ақпан	МҚИА (келісім бойынша), Әділетмині, ОМО
6	Заң жобалау қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы	2013 жылғы ақпан	Әділетмині
7	Уәкілетті органдардың нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингін жүргізу қағидаларын қолдануы бойынша бірыңғай әдістемелік ұсынымдарды бекіту	Әділетминінің бұйрығы	2013 жылғы ақпан	Әділетмині
8	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің корпоративтік порталында «НҚА құқықтық мониторингі» ақпараттық жүйесін құру және оның қызметі бойынша ұсыныстар енгізу	ПМК-ге ұсыныстар	2013 жылғы ақпан	Әділетмині, ОМО

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:  
МҚИА – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

БП – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы  
ПМК – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі  
Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі  
ОМО – орталық мемлекеттік органдар

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ